

Хаттама №2

Салық Зиманов атындағы №37 орта мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің отырысы

Атырау қаласы 24 желтоқсан 2021 жыл

Қатысқандар: 9

Мектеп әкімшілігі: 6

Күн тәртібінде:

1. Қалалық білім бөлімі Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №03-04-01-12/3039 санды хатына сәйкес тәтті сыйлық беруді талаптарға сай ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Жанар Амирханова Қалалық білім бөлімі Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №03-04-01-12/3039 санды хатына сәйкес, жылда өтетін дәстүрлі тәтті сыйлықтар алуға мектебімізден бала қатыстыруымыз керек екендігін және оның мына талаптарға сай, яғни көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан балаларға қажет екендігін айтып өтті.

Сөйлеушілер:

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жанар Амирханова мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалардың көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларынан шыққан 76 оқушы. Енді осылардың ішінен жаңа жылдық тәтті сыйлығын алуға лайықты баланы талапқа сай таңдап ұсынуымыз қажет.

2. Әлеуметтік педагог Анар Егизбаева біздің мектебімізде жалпы көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан 76 оқушы. Осылардың ішінен 15 баланы қалыптастырсақ деген ұсыныс бар.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы, кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог ұсынысын дұрыс, талапқа сай шешім деп қабылдап бір ауыздан аталған 15 баланы тәтті сыйлықтармен қамтамасыз етуге қолдау көрсетті.

Әрі қарай қамқоршылық ынтымақтастықта жұмыс жасауға, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдіріп, рахметін айтты.


Шешім:

1. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылдың 24 желтоқсандағы №03-04-01-12/3039 санды хатына сәйкес мектептен жаңа жылдық тәтті сыйлығын алуға 15 оқушы қамтылсын.

2. Мектептен жаңа жылдық тәтті сыйлығын алу жөніндегі сұраныс беру және оны уақытында белгіленген жерге жеткізу әлеуметтік педагог А.Егизбаеваға және А.Масабаеваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Ж.Амирханова

Т.Қойшикенова